

МЕРЕКЕ

ЖАҢА ЖЫЛ –
ЖАҢА ҰМТ, ЖАҢА БЕЛЕС

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары! Сіздерді келіп жеткен жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткен жылға көз жүгіртіп, таразылайтын, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын, жаңаша ойларға жол сілтейтін ерекше мереке.

Өткен жылан жылы Талдықорған қаласы үшін табысты, бірлік пен берекенің, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің кезеңі болды. Қаламызда ауқымды жұмыстар атқарылды. Түйткілді мәселелер шешімін тауып, қала тұрғындары үшін бірқатар нысандар бой көтеріп, пайдалануға берілді.

Бұл – Мемлекет басшысының қолдауымен, халқымыздың бірлігінің арқасында жеткен жетістіктер.

Ардақты ағайын!

Халқымызда «Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл жарылқасын» деген сөз бар. Өткен жылға өкпе жоқ десек, келер жылдан күтер үмітіміз де, тілер тілегіміз де жетерлік. Алдымызда үлкен мақсат-міндеттер тұр. Жаңа жылқы жылы еліміздің жаңа белестерді бағындырып, жарқын келешекке бастайтынына үлкен сенім артамыз.

Жаңа жылда мерейлеріңіз үстем болып, игі тілектеріңіз жүзеге ассын. Еліміздің ырысы артып, жемісті жыл болсын. Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры қашан да берік, туы биік болсын!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен:

Талдықорған қаласының әкімі
Ернат Бәзіл



ЖАҢА ЖЫЛДА
ҚАЛАЙ ДЕМАЛАМЫЗ?

Қазақстанда 2026 жылғы Жаңа жыл мерекесіне ресми демалыс күндері – 1 және 2 қаңтар, ал 7 қаңтар – Рождество болып белгіленген.

2026 жылы Жаңа жыл аптаның соңына түседі. Сондықтан қазақстандықтар 30 және 31 желтоқсанда жұмыс істеп, кейін 4 күн қатарынан демалады. 5 қаңтарда қайта жұмысқа шығып, Рождествоға дейін екі күн жұмыс істейді.

7 қаңтар – Рождество сәрсенбіге сәйкес келетіндіктен, апта ортасында тағы бір демалыс күні болады.

Бес күндік жұмыс аптасы бойынша демалыс

- 30, 31 желтоқсан – жұмыс күндері
- 1, 2, 3, 4 қаңтар – демалыс
- 5, 6 қаңтар – жұмыс
- 7 қаңтар – демалыс

Барлығы: 12 демалыс күні және 19 жұмыс күні.

Алты күндік жұмыс аптасы бойынша демалыс

- 30, 31 желтоқсан – жұмыс
- 1, 2 қаңтар – демалыс
- 3, 5, 6 қаңтар – жұмыс
- 7 қаңтар – демалыс

Барлығы: 7 демалыс күні және 24 жұмыс күні.



ГАЗЕТТІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ №1 САНЫ 9 ҚАҢТАР КҮНІ ШЫҒАДЫ.

БАСПАСӨЗ – 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534

Подписной индекс для других регионов РК: 65534

